



11-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# КИНО ТЕОРИЯСЫ. ЭЙЗЕНШТЕЙННЕН ТАРКОВСКИЙГЕ ДЕЙІН

Неміс импрессионизмі





**Фильм:** «Доктор Калигаридің кабинеті»

**Мақсат:** Кинодағы «неміс экспрессионизмі» жайлы айтып, оның кино теориясының дамуына тигізген әсеріне тоқталу.

**Негізгі идеялар:**

Армысыздар! Өткен дәрістерімізде «орыс монтажы» мен С.М.Эйзенштейннің кино теориясына қатысты ойларымен таныстық. Бүгін «неміс экспрессионизміне» үңіліп, оның кинематограф пен кино теориясының дамуына тигізген әсерін сөз етпекшіміз.


Киноэкспрессионизм ХХ ғасыр басында өнердің тұтас бір ағымына айналған құбылыстың ақырғы фазасы іспетті. Экспрессионизм өмірден түңілгендердің дүниетанымы, яғни, мұнда адам баласын Тағдыр тәлкегіне түскен тіршілік иесі ретінде сипаттау басым болды.

«Бұған дейінгі дәуірлерде адамды осыншалықты үрейлендіретін құбыжықтарды суреттеген емес. Бұған дейін әлем меңіреу тыныштық басқан молаға ұқсаған емес. Адам баласы да осыншалықты мүсәпір күйге түскен емес. Ол өзінің жанын құтқару үшін жалбарынып келді. Оның жалбарыну дұғасы күллі әлемді алып кеткен тәрзіді еді. Өнер дәуірімен бітісіп, қара түнекте жан айқайға басты. Ол рухтың дәрегейіне мойынсұнып, көмек сұрады – экспрессионизм дегеніміз осы», - деп жазды жаңа көркемдік бағыттың теоретигі Герман Бар.

Жаңа бағытты әйгілеген алғашқы фильм Роберт Вине түсірген «Доктор Калигаридің кабинеті» (1919) фильмі. Шығарманың бас кейіпкері - психиатриялық емхананың директоры Калигари – өзінің науқасы, сомнамбул Чезарені түрлі айла-шарғымен барынша пайдаланып жүргенін баян етеді. Күндіз оны аттракциондарға шығарып пұл тапса, түнде мәнсіз-мағынасыз қаныпезерлігін қоздырып, кісі өлтіруге итермелейді. Досының қазасының себебін тапқысы келген жас студент, ақыры нағыз қылмыскер Калигари екеніне көз жеткізеді.

*«Доктор Калигаридің кабинеті» фильмінен үзінді*

«Доктор Калигаридің кабинеті» фильмі экспрессионизм эстетикасының классикалық үлгісі саналады. Тек тақырып тұрғысынан ғана емес, форма жағынан да. Осы тұста айта кетерлігі, режиссердің негізгі тең авторлары суретшілер Герман Варм, Вальтер Рериг, Вальтер Рейман болатын. Өйткені, декорация, костюмдер, актерлерге салынар грим экспрессионизмнің фәлсәфалық-эстетикалық тұжырымдамасын әйгілеп тұрды. Фильмнің көркемдік кеңістігі түсірілім павильонында жасақталып, тозығы жеткен, ақырын күткен «қисайған» әлемді суреттеді.



Бейнеленген заттар (есік, орындық, терезе) дұрыс геометриялық формада, жарық пен көлеңке контрасттары олардың графикалық болмысын күшейте түсті. Қисайған көшелер, үйлердің бей-берекет бой көтеруі, баспалдақ иректері кадр композициясын ыдыратып, оның жазықтық сипатын меңзеп тұрады. Фильм титрлары да үзік-үзік, біркелкі емес «қолмен» жазылған. «Доктор Калигаридің кабинеті» фильміндегі берекесі кеткен әлем адам жанының шарасыздығы мен қасіретін бір арнаға тоғыстырғандай.

Р. Вине фильмі киноэкспрессионизмнің көркемдік манифестіне айналып, «калигаризм» аталып кеткен тармағына жан бітірді. Осы тармақты ұстанғандар бейнелеу өнері мен театр тәсілдері мен бейнелерін экранға алып шықты.

*«Доктора Калигаридің кабинеті» фильмінен үзінді*



## «Неміс экспрессионизмінің» режиссерлері қандай құралдарды қолданды?

### 1. Жарық.

Неміс экспрессионизмі фильмдерін жарықтандырудың басты құралы – жарық пен көлеңке болатын. Бұл әдіс алғаш кескіндеме өнерінде пайда болған. Мұнда жарық пен түнекті контраст кейпінде көрсетуге басымдық берілген. Уақыт өте, бұл әдіс фотография мен кинематографқа «ауды». «Доктор Калигаридің кабинетінде» бұл әдіс барынша қолданылады.

Фриц Лангтың 1922 жылғы «Доктор Мабузе» фильмінің бір кадрында жарықпен ойнақтату еселене түседі. Кейіпкердің қолында шырағдан пайда болғанда, баспалдақтың жеке детальдері айқындала түсті. Бұл өте қызықты әдіс: актер «жарық берушіге», яки, оператор командасының мүшесіне айналып, кадрдағы өзінің салмағы мен мән-мағынасын арттыра түседі. Фильмдердегі жарық драмалық кейіпте. Ол тек маңызды дүниелерге сәуле түсіріп, қалғанын қараңғы түнекте қалдыра береді. Мұндай динамика баяндаудың шынайылыққа сәйкессіздігін тудырып, жалпы, экспрессионизм дәстүріндегі кинематограф сыртқы әлемді емес, адамның ішкі күйзелісіне көбірек мән беретінін айғақтап тұрады. Декорациядағы терезелер жайлы бөлек тоқталып өту керек. Олар күндізгі жарық, күн сәулесін емес, қараңғы түнекте жарқыраған жылтырап жанып тұрып, кадрдың түр-түсін айшықтап тұрады.

*«Доктор Мабузе» фильмінен үзінді.*

### 2. Виньетирлеу.

Каше әсері — өте қарапайым әдіс. Оның мәнісі -камера линзасына жақтау орнату. Техникалық қарабайырлығына қарамастан, ол фильм баянына терең нюанстар сыйлайды. Мысал келтірейік: «Доктор Калигаридің кабинеті» фильмінде, қазіргі кинотану ілімінде «төл сөз емес» деп аталатын құбылыс көрініс тапты. Біз Калигаридің зұлым жүзін көргенде, бұл өзіміздің көзқарасымыз емес, яки, көрермен көзқарасы емес. Біз басқа өлшемге ауысып, басқа адамның сана-сезіміне ауып, оның көзімен қараймыз. «Доктор Калигаридің кабинетінде» каше бас кейіпкердің, есі ауысқан адамның көзқарасын бейнелейді. Біз доктордың зұлым жүзіне өзінің көзімен қараймыз.



### 3. Көлеңкелер әлемі.

Көлеңке мен жарық — экспрессионизмнің басты құралы. Жарық туралы айттық. Енді режиссерлердің көлеңкені қалай пайдаланғанынан тоқталып өтсек. Көрерменді үрей мен қорқыныш атмосферасына қондыру үшін режиссерлер осы амалға барған. Бұл әдіс сананың қақ жарылуын бейнелейді. Кейіпкерлердің елестері, дүниені теріс қабылдауы сынды сезімдерді айшықтайды.

Неміс экспрессионизмі фильмдері көлеңке бейнелеріне толы. Өйткені, а) олар ішкі күйзелістерге үңілген (жан нені сезінеді? Оның тәнмен ара-қатынасы қандай? Осы ара-қатынастың табиғаты қандай?) б) режиссерлер мистикалық құпия сырға толы сюжеттерді пайдаланып, ежелгі миф пен аңыздар әлеміне, о дүние тылсымына үйіріп әкетеді. Бұл әлем өте қорқынышты, оның байыбына жете алмайсың (вампирлер, елестер, қаныпезерлер, есалаңдар) в) сценаристтер зерттеу нысаны ретінде адам баласының психологиялық күйін алған (көне грек тілінен аударғанда «Психология» сөзі «жан туралы ілім» деген мағына береді).



*Доктор Калигари мен оның қорқынышты көлеңкесі.*



#### 4. Көз.

Неміс экспрессионизміндегі көркемдік құралдардың бірі актерлердің ишараты. Актер ойынын жіктесек, оның ішінде ең маңыздысы көзі мен көзқарасы болып шығады. Көрермен назары оның көзіне ауады. «Доктор Калигаридің кабинетінде» сомнамбуланың көзі үрей туғызады, бет-әлпетіндегі маска жанарының солғанын ерекшелеп тұрады. Бұл көзде кез-келген дүниені байқауға болады, өйткені, ол санасыз, оған есі ауысқан Калигари әмір жүргізеді. Назар аударарлығы, көргеніміздің бәрі Франц қиялы екенін түсінгенімізде, Чезаре бетіндегі, көзінің айналасындағы маска ғайып болып, жанарына жан бітеді.



*«Доктор Калигаридің кабинетіндегі» Чезаре-сомнамбула.*

Доктор Калигари есалаң амплуасында көзілдірік тағады — екі еселенген көзқарас, есі ауысқандық, жалған. Оқиға сыры ашылған соң (twist ending), оны көзілдіріксіз көреміз («маска» ғайып болады).

Неміс экспрессионизмінің пафосы да осында: экрандағы әлем — «физикалық» көзбен тамашалаған әлемнен бөлек, бұл, ішкі күйзелісіміз (үрей, жатсыну, жалғыздық, толқу, қауіп және т.б.).

#### 5. Қол.

Экспрессионистік актерлік ойынның тағы бір ажырамас кбөлшегі - қол. Неміс актерлерінің ишпарат мен көз пластикасы. Оның денесі қозғалыссыз деуге тұрарлық, әрекетін ол тек жанарымен және қол ишаратымен білдіреді.



*«Носфератудағы» граф Орлақтың жалғанбалы қолы.*

«Орлак қолында» пианистке қанішердің қолын орнатып бергендіктен, ол да қылмыскер болып кетуден қорқады. Экзистенциалды қорқыныш пен үрей - тәніміз өзімізге тиесілі емес деген сезіммен ұштастырылады. Үрей соңы күйзеліске алып келетін себебі, адам баласы тәніиді билей алмаймын деп қорқады. Роберт Вине осы психофизиологиялық тәжірибені ойнатып, оны психиатрия, мистицизм мен зорлық тақырыбымен толықтыра түседі.

#### 6. Ырғақ.

Экспрессионистік баянның өз ырғағы бар. Айта кетерлігі, Фридрих Мурнау мен оның актерлік командасы, «Носфератуды» түсіргенде метроном қолданған. Тап бір оркестрмен ырғағы күрделі музыкалық шығарманы жазып, әр аспаптық өз партиясын механикалық дәлдікпен орындауын талап еткен тәрізді. «Доктор Калигаридің кабинетінде» де ырғақты композиция өте дәл жасалған. Ырғақты күшейткен сайын, көрермен оқиғаға үңіліп кете барады. Баяндаудың басында ол баяу ғана басталып, артынан өрши келе, соңына таман ессіз маятник секілді болады.

## 7. Кадр ішіндегі геометрия мен графика.

Декорацияға бөлек тоқталған жөн. Көптеген фильмдерде түсірілім алаңына қарасты ерекше шешімдер қабылданған. Ол заманда Германияны шарпыған ауыр экономикалық күйзелісті естен шығармаған абзал. Суреткерлер ойындағысын түгел жүзеге асыра алмаған себебі, продюсерлердің бұған қаражаты болмады. Қарабайырлық, нақтырақ айтқанда, декорацияны оңайлату амалы сондықтан орын алған. Әйтсе де, бұған қарап, олардың әсері төменді деуге келмейді. Сондықтан, «Доктор Калигаридің кабинеті» фильміндегі декорация балалар театрының картон декорациясына ұқсап кетеді. Бәрі өте қарапайым ғана, тегіс, ең бастысы, өз қолымен жасалған (тура баланың салған суретіндей) сәл немқұрайлық сезіледі, дегенмен, менің ойымша, бәрі өте көркем шықты.



*«Доктор Калигаридің кабинетінің» сценографиясы.*

## 8. Баспалдық.

Лотте Эйсер экспрессионизм кезеңіндегі неміс кинематографы баспалдақ бейнесіне әуес болғанын аңғарады. Осы бағыттағы барлық классикалық фильмдерде, кейіпкерлер баспалдақ айналасында қалатын сахналарды суреттеген. Бұл маңызды сәттерде ғана емес (Чезаре, Жаннаны ұстап алып, полициядан қашатын «Доктор Калигаридің кабинетінің» сахнасы), болмашы сахналарда да орын алған. Айталық, соңғы үнсіз экспрессионистік бағыттағы фильмдердің бірі «Асфальтта», бас кейіпкер сүйіктісімен жолығу үшін, үнемі баспалдақпен жоғары көтеріледі. Кінәны мойнына алып, полиция қолына берілген кезде, ол төмен қарай жүреді. Ал, баспалдаққа, өте қызықты, динамикалық тұрғыдан жарық түсірілген: жарық – кеңістікті қисық геометриялық фигураларға бөледі. Бұл әдісті әділетсіздік метафорасы ретінде қабылдауға болады: кейіпкер игі қадам жасағанда, ешкім, жалпы, қоғам (полицей бейнесі) оны арқасынан қақпайды (баспалдақпен төмен әкетіп барады).



*Бейнелерді көбейту: баспалдақтың көлеңкесі көрінетін, «Носфератудың» классикалық кадры.*

Осы элементтердің бәрін – жарық, декорация, көзді, қолды көркем құрал ретінде қолдану, баспалдақты көрсету және т.б. - барлық пдерлік неміс экспрессионизмі режиссерлері қолданған. Осы элементтер неміс режиссер-экспрессионистердің ортақ белгісі. Суретші ойындағы түсті шығару үшін бояуларды араластырғандай, режиссер де белгілі бір эмоциялар тудырып, баяндаудың қайсыбір тәсілін аңғартатын қалыпқа жету үшін осы бейнелер мен әдістерді кеңінен қолданған. Режиссердің эстетикалық және көркемдік мәнеріне қарай, осы көркемдік құралдар түрлі күйге түсіретіні қызық.

Көптеген бейнелер мен әдістер киноның өзге жанларына түрткі салды (хоррор, нуар). Олар экспрессионизм эстетикасы мен оның жеке детальдерін бойына сіңірген. Осылайша, экспрессионизм белгілердің оқшау жүйесінен асып, генетивті, тың дүние жаратушы дүниеге айналды.

Неміс экспрессионизмі киноны жаңа тақырыптармен, тың көркемдік әдістермен байыта түсті.

Бір қызығы кино теоретигі Зигфрид Кракауэрдің «Неміс киносының психологиялық тарихы. Калигариден Гитлерге дейін» атты кітабында осы бағытқа толықтай үсініктеме беріліп, бүкіл көрінісі



біктелген.

Кракауэр кітапты бірегей тұжырымдамаға бағындырған: неміс экспрессионизмінің фильмдері — тирандар, билікқұмар қаныпезерлер мен оларға бағынуға әзір қалың көпшілікті суреттеген мистикалық драмалар, — елді жайлап бара жатқан гитлеризмнің басты сипатын ашып көрсеткен.

Кракауэрдің осы мәдениеттанушылық тұжырымдамасымен толық танысу үшін, кітабының соңғы абзацына үңілсек, жеткілікті. Мұнда ол неміс киноэкспрессионизмінің бас кейіпкерлері — зұлым гипнотизёр Доктор Калигариді, оның әмірін орындаушы сомнамбула Чезарені, авантюрист Мабузені, «Балауыз фигуралар кабинетіндегі» Иван Грозныйды, — гитлерлік Германия шындығымен сабақтайды.

Олег Ковалов былай жазады: «Еркіндік – аласапыран белгісіне баланған, ал, бозбалалық — адам тәні мен жанына оранған мәңгілік құмарлықты сипаттаған неміс жанының елесті күйзелісі нацистік Германияда салтанат құрды. Гомункулустар оның алаңдарына шықты. Жалған-калигарилер, сандаған чезарелерді гипноздап, оларды баскесерлерге айналдырды. Шектен шыққан мабузелер адам нанғысыз қылмыстарға барған, ал, есінен адасқан иван грозныйлар адамбаласы естіп-білмеген азаптау түрлерін ойлап тапқан. Ал, осы арсыздардың шеруін іліп әкете, неміс экранындағы талай сюжеттердің сарынын қайталаған оқиғалар орын алды. [...] Германияның жойылу қаупі туралы азапты ойлар шынайы өмірде жүзеге асты».

Бүгін біз «неміс экспрессионизмі» аталатын құбылысты талдадық. Келесі дәрісімізді «Француз киноавангардына» арнамақшымыз.

### **Дәріс тақырыбы бойынша қосымша әдебиет:**

Кракауэр З. Психологическая история немецкого кино. Москва: Искусство, 1977. Страницы 280–281.